

Ауыл шаруашылығы ұйымын қайта ұйымдастырудың немесе таратудың нәтижесінде құрылған шаруашылық жүргізуші субъектілерге тұрақты жер пайдалануға тегін берілетін жер учаскелерінің жер үлестері мен мөлшерлерін айқындаудың тәртібін бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 1997 жылғы 7 тамыздағы N 1232. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2005 жылғы 9 ақпандағы N 124 қаулысымен

"Жер туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1995 жылғы 22 желтоқсандағы N 2717 Заң күші бар Жарлығына сәйкес (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1995 ж., N 24, 159-құжат) Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қоса беріліп отырған Ауыл шаруашылығы ұйымын қайта ұйымдастырудың немесе таратудың нәтижесінде құрылған шаруашылық жүргізуші субъектілерге тұрақты жер пайдалануға тегін берілетін жер учаскелерінің жер үлестері мен мөлшерлерін айқындаудың тәртібі бекітілсін.

2. Осы қаулы жарияланған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы

Ү к і м е т і н і ң

1 9 9 7 ж ы л ғ ы 7 т а м ы з д а ғ ы

N 1 2 3 2 қ а у л ы с ы м е н

бекітілген

Ауыл шаруашылығы ұйымын қайта ұйымдастырудың немесе таратудың нәтижесінде құрылған шаруашылық жүргізуші субъектілерге тұрақты жер пайдалануға тегін берілетін жер учаскелерінің жер үлестері мен мөлшерлерін айқындаудың тәртібі I. Жалпы ережелер

1. Осы тәртіп ауыл шаруашылығы ұйымын қайта ұйымдастырудың немесе таратудың нәтижесінде құрылған шаруашылық жүргізуші субъектілерге тұрақты жер пайдалануға тегін берілетін жер учаскелерінің (шартты жер) үлестері мен мөлшерлерін айқындауға қатысты қоғамдық қатынастарды реттейді.

2. Таратылған немесе қайта ұйымдастырылған кеңшарлардың мүшелері, мемлекеттік еместік болып қайта құрылған мемлекеттік ауыл шаруашылығы

ұйымдарының қызметкерлерді, сондай-ақ зейнеткерлер мен осы шаруашылықтардың өндірістік және әлеуметтік-мәдени салаларындағы қызмет көрсетумен айналысатын және олардың аумақтарында тұратын адамдар заңдарға сәйкес белгілі бір шартты жер үлесіне құқығы бар.

3. Шартты жер үлестерін бөлуге реформаланған ауыл шаруашылығы ұйымдарының ауыл шаруашылығы жерлері олардың жер пайдалану шекараларының шектерінде:

елді мекендердің шегіне кірген;
ауданның арнайы жер қорының құрамына қосылған;
нормадан тыс радиациялық ластануға душар болған немесе халықтың өмірі мен денсаулығына өзгедей түрде қатер төндіретін;
пайдалы қазбаларды игеру кезінде бүлінген және оларды арналған мақсаты бойынша пайдалану үшін жарамды күйге келтірмеген;
уақытша пайдаланудағы мал шаруашылығы жайылымдарының жер учаскелерінен басқа ауыл шаруашылығы жерлері жатады.

4. Жер үлесінің мөлшері:

гектарда;
балло-гектарда есептеледі.

Гектардағы жер үлесінің мөлшері ауыл шаруашылығы ұйымының жер пайдаланымындағы ауыл шаруашылығы жерлерінің жалпы алаңының шартты жер үлесіне құқығы бар адамдардың санына бөлу жолымен есептеледі.

Балло-гектардағы жер үлесінің мөлшері ауыл шаруашылығы ұйымының жер пайдаланымындағы барлық ауыл шаруашылығы жерлерінің балло-гектардағы сомасын шартты жер үлесін пайдалануға құқығы бар адамдардың санына бөлуден есептеледі.

Егер жекелеген жер учаскелері мен ауыл шаруашылығы жерлерінің түрлері топырағының сапасы бойынша құндылығы салыстыруға келмейтін болған және шаруашылықтағы алған жерлерді пайдалануға әсер етпейтін жағдайда (жем-шөпті дайындаудың шектеулі көздерімен суарылатын егіншілік аймағында, жайылымдарды пайдаланудың оқыс көріністегі маусымдылығымен және басқа факторларымен), онда жер үлестеріне шартты бөлуге жеке-жеке алғанда ауыл шаруашылығы жерлерінің әрбір түрі жатады (егіндік жер, көп жылғы екпе, шабындық, жайылым және басқалар).

5. Азаматтардың жер (шартты жер) үлесіне құқығы бекітілген нысан бойынша жер үлесіне арналған құқық туралы куәлікпен куәландырылады.

6. Егер жер үлестері "Қазақстан Республикасы Президентінің Қазақстан Республикасында мемлекет иелігінен алу мен жекешелендірудің 1993-1995 жылдарға (II кезең) арналған ұлттық бағдарламасы туралы" 1993 жылғы 5 наурыздағы N 1135 Жарлығын жүзеге асыру жөніндегі шаралар туралы"

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1993 жылғы 20 шілдедегі N 633 қаулысына сәйкес есептелген және белгіленген тәртіппен бекітілген болса, оларға қайта есептеу жүргізілмейді.

7. Жер (шартты жер) үлесіне арналған құқықты іске асыру Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес жүзеге асырылады.

8. Ауыл шаруашылығы ұйымын қайта ұйымдастыру немесе тарату нәтижесінде құрылған шаруашылық жүргізуші субъектілерге жер үлестерінің мөлшерінде берілген жер учаскелері жер пайдалануға аудандық атқарушы органның шешімі бойынша тегін беріледі.

9. Шаруашылық жүргізуші субъектінің жер пайдалану құқығы оны Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінде (жалпы бөлім) және "Жылжымайтын мүлікке құқықтарды және онымен жасалатын мәмілелерді мемлекеттік тіркеу туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің Заң күші бар Жарлығында көзделген тәртіппен тіркеуден өткен сәттен бастап пайда болады.

II. Жер учаскелерін қайта ұйымдастырылатын ұйымның жер пайдалануынан жер (шартты жер) үлестерінің есебіне беру

10. Жер учаскесін шаруа (фермерлік) шаруашылығын немесе ауыл шаруашылығы өндірісіне байланысты өзге кәсіпкерлік қызмет ұйымдастыру үшін жер үлесіне сәйкес қайта ұйымдастырылатын ұйымның жер пайдалануынан жер үлесін иеленуші жер пайдалану құқығын беруге құқығы бар жергілікті атқарушы органға және өзі одан бөлініп шыққысы келетін қайта ұйымдастырылатын ұйымның атына өтініш береді.

11. Өтініш "Жер учаскелеріне жеке меншік құқығын және жер пайдалану құқығын беру тәртібі жөніндегі ережені бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 20 шілдедегі N 760 қаулысымен бекітілген жер пайдалану құқығын берудің тәртібі туралы ережеге сәйкес, жер үлестерінің саны, олардың жалпы алаңы, балло-гектардағы бағаламасы, сондай-ақ сұралып отырған аудан мен жер учаскелерінің тізбесі көрсетіле отырып ресімделеді. Өтініш жасалған учаскелердің жалпы бағаламасы балло-гектарда жер үлесіне арналған құқық туралы куәлікте (куәліктерде көрсетілген) балло-гектар с о м а с ы н а н а с п а у ы т и і с .

12. Егер қайта ұйымдастырылатын ұйымның жер үлестерін алушы жер учаскелерін заттық күйінде бөлу үшін жер массиві айқындалған болса, оның алаңы барлық өтініш берушілерді қанағаттандыруға жеткілікті болса және өтініш берушілер осы массивтегі жер учаскелерін алуға келісе және олардың арасында даулар болмаса, онда жер учаскелері осы массивте бөлінеді.

Барлық жағдайларда, осы Тәртіптің 12-тармағында көрсетілген жағдайдан

басқа ретте, аудандық атқарушы орган немесе оның тапсыруы бойынша тиісті уәкілетті орган жер үлестерін бөлу туралы өтінішті алған күннен бастап бір апта мерзімде бұл туралы қайта ұйымдастырылатын ұйымның жер учаскелерін басқа да иеленушілерге хабарлайды, сондай-ақ барлық мүдделі тұлғаларға берілген әрбір өтініш туралы ақпарат береді.

13. Жер учаскесін бөлу туралы өтініш берілген күннен бастап бір айдан кешіктірілмей жер учаскелерін иеленушілердің немесе олардың өкілдерінің жиналысы болуы тиіс, жиналыс бөлінетін жер үлестерінің есебіне өтініш жасаушыларға берілетін жер учаскелерінің орналасқан жері туралы шешім қабылдайды.

14. Егер жер үлестерін иеленушілердің немесе олардың өкілдерінің жиналысы өтініш жасаушыларға белгіленген мерзім өткенге дейін жер үлестерінің есебіне берілетін жер учаскелерінің орналасқан жері туралы шешім қабылдамаған жағдайда, ол бөлінетін жер учаскелерінің орналасқан жерін айқындаудың тәсілі туралы шешім қабылдайды.

Шешім хаттамамен ресімделеді, оған жер үлестерінің барлық иеленушілері немесе олардың өкілдері қол қояы тиіс.

15. Хаттама аудандық атқарушы органға ұсынылады және жер үлестерінің есебіне жер пайдалану құқығын беру туралы шешім қабылдауға негіз болып табылады.

16. Жер үлестерін иеленушілердің және өтініш берушілердің арасында немесе бірнеше өтініш берушінің арасында жер үлестерінің есебіне жер учаскелерін бөлуге байланысты келіспеушіліктер болған кезде, сондай-ақ осы жер учаскелерінің орналасуын айқындаудың тәсілінде келіспеушілік болмаған кезде дау сот тәртібімен шешіледі.